

2023-2024 оқу жылына арналған педагогтарымен өткізілетін әдістемелік кеңесінің отырысы

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар
1	Тақырыбы: Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 1.«2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту». 2. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары 3. Әр түрлі сұрақтар.	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер ,педагогтар
2	Тақырыбы: Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесі, құжаттамалардың жай күйі. 1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы. 2.. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау». 3. Тәрбиешілердің циклограмма жазудағы қиындығы қандай? Ой толғау 4. Циклограмма жазу жөнінде кеңес. 5. Музыка жетекшісінен ойын жаттығулары	Желтоқсан	Хаттама	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер ,педагогтар
3	Тақырыбы: «Бөбекжай балабақшасында мамандардың І жартыжылдығы бойынша жұмыстары 1.Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау 2.МДҰ психологінің 2023-2024 оқу жылының І жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен жаттығулар жасау. 3.Дене шынықтыру нұсқаушысы шеберлік сағаты 4.Әртүрлі мәселелер	Ақпан	Хаттама	Әдіскер, меңгеруші, психолог, тәрбиешілер ,педагогтар
4	Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындысы» 1.Педагогтардың жыл бойы жасаған жұмыстар бойынша есеп. 2.«Оқу жылын қорытындылау». 3.«Біздің бір жылғы жетістігіміз». 4.Жазғы сауықтыру маусымына дайындық. 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.	Мамыр	Хаттама	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер ,педагогтар

2023-2024 оқу жылының №1 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары.

Өткізілген күні: 08.09.2023 жыл

Қатысқан: 12 педагог

Қатыспаған: 2 педагог (бала күтімімен демалыста)

Күн тәртібінде:

1. «2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».
Әдіскер: А.Каламбаева.
2. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары
Әдіскер: А.Каламбаева.
3. Әр түрлі сұрақтар.

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері А.Каламбаева мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

Екінші сұрақ бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық негізінде балалардың деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтің біршама өзгергенін атап өтті. Өзгерістерге сәйкес әр топтардың критерий санын айтты. EXCELL бағдарламасында тиімді жұмыс жасау үшін кеңестер мен түсіндірмелер жүргізді. Барлық педагогтар EXCELL бағдарламасындағы қиындық тудырып тұрған сұрақтарына жауаптарын алды.

Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі мен әдіскеріне тәрбиеші тарапынан әр - түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауаптар алынды.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.

Мерзімі: үнемі. Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Қыркүйек айының 15-не дейін бастапқы мониторинг нәтижелері толтырылсын.

Мерзімі: бір аптаның ішінде. Жауапты: барлық педагогтар.

Төрайымы:

Хатшы:

Сарғу
Айт

С.Сарсенғалиева

С.Айтмағанбетова

2023-2024 оқу жылының №2 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесі, құжаттамалардың жай күйі.

Өткізілген күні: 22.12.2023 жыл

Қатысқан: 14 педагог

Қатыспаған: 1 педагог (бала күтімімен демалыста)

Күн тәртібінде:

1. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау».

Әдіскер: А.Каламбаева.

2. Тәрбиешілердің циклограмма жазудағы қиындығы қандай? Ой толғау

Әдіскер: А.Каламбаева

3. Циклограмма жазу жөнінде кеңес.

Тәрбиеші: Р.Ахметова

4. Музыка жетекшісінен ойын жаттығулары

Музыка жетекшісі: А.Тынысбаева

Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай әдіскері А.Каламбаева мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, педагогтарға жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсырып келе жатқандарын айтты.

Екінші сұрақ бойынша әдіскер А.Каламбаева «Тәрбиешілердің циклограмма жазудағы қиындығы қандай?» деген сұраққа ой толғау жүргізді. Тәрбиешілердің циклограмма жазуындағы қиындықтары тыңдалды, циклограмма жазуда нені ескеру қажеттігін бір-біріне жеткізді.

Үшінші сұрақ бойынша Тәрбиеші: Р.Ахметова «Циклограмма жазу жөнінде кеңес» өткізді. Өз ноутбугын қосу арқылы циклограмма жазу туралы кеңестері мен оңай жолдарын үйретті. Картотекамен жұмыс, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесімен жұмыс, ойындар мен тақырыптық бақылауларда таңдаудағы кеңестерімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша музыка жетекшісі ойын жаттығуларын өткізді. Педагогтар арасында бірлік пен жақсы қарым-қатынасты нығайту, командалық жұмыстың қажеттігіне байланысты бірнеше қызықты ойындар, ән қимылдары, ырғақтық ойындар, есте сақтау-тыңдай алуға арналған жаттығулар жасатты. Ойындар нәтижесінде педагогтар көңілдерін көтеріп, ерекше әсер алғандарын айтты.

Шешім:

1. Жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.

Мерзімі: үнемі. Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Циклограмма жазуда үнемі толықтырылып, жаңашалап жазылсын.

Мерзімі: үнемі. Жауапты: барлық топ тәрбиешілері.

3. Педагогтарға арналған ырғақты, көңіл көтеретін ойындар үнемі өткізіліп отырсын.

Мерзімі: жыл бойы. Жауапты: музыка жетекшісі

Төрайымы:

Хатшы:



С.Сарсенгалиева

С.Айтмағанбетова

2023-2024 оқу жылының №3 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжай балабақшасында мамандардың I жартыжылдығы бойынша жұмыстары

Өткізілген күні: 29.02.2024 жыл

Қатысқан: 13 педагог

Қатыспаған: 1 педагог (бала күтімімен демалыста)

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау

Медбике У.Сисенова

3. МДҰ психологінің 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен жаттығулар жасау.

Психолог: А.Орақова.

4. Дене шынықтыру нұсқаушысы шеберлік сағаты

Дене шынықтыру нұсқаушысы А.Асқарова

Бөбекжай меңгерушісі С.Сарсенгалиева күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Тәрбиешілердің жұмыстарына баға берілді, дамытушы орталықтар бойынша талқылау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі У.Сисенова сөз алды. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің сырқаттануы мен жарақаттануына талдау жасай отыра, балалар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру маңызды екендігін баса айтты. Топ тәрбиешілеріне бала денсаулығын нығайтуға арналған бірнеше профилактикалық кеңес берді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша психологі 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығындағы түзету жұмысының қорытындысы. Педагогтармен жаттығулар жасады.

Төртінші мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы тәрбиешілерге шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағаты аясында дене шынықтыру іс-әрекетін балаларға тартымды да, қызықты өткізу үшін бірнеше жаттығулар көрсетті.

Шешім:

1. Дамытушы орталықтар толықтырылсын.

Мерзімі: үнемі. Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

2. Семинарға дейін топтарды өте жақсы безендіргендер үшін сыйақы тағайындалсын.

Мерзімі: мамыр айы. Жауапты: меңгеруші, әдіскер

3. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарлансын.

Мерзімі: наурыз-сәуір. Жауапты: әдіскер, бөбекжай тәрбиешілері.

Төрайымы:
Хатшы:

Сары
Әли

С.Сарсенгалиева
С.Айтмағанбетова

2023-2024 оқу жылының №4 әдістемелік кеңестің хаттамасы

Тақырыбы: «2024 - 2025 оқу жылының қорытындысы»

Өткізілген күні: 21.05.2024 жыл

Қатысқан: 13 педагог

Қатыспаған: 1 педагог (бала күтімімен демалыста)

Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың жыл бойы жасаған жұмыстар бойынша есеп.
2. «Оқу жылын қорытындылау». Әдіскер
3. «Біздің бір жылғы жетістігіміз» Әдіскер
4. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық Әдіскер
5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Каламбаева сөз сөйледі. Әр топ тәрбиешілері оқу жылын қорытындылау мақсатында өткізілген барлық іс – шаралар бойынша жылдық есеп тапсырып, талқыға салды. Педагогтер 3 шағын топқа бөлінді. I топ – Жылдық жоспардың орындалуы, II топ – Жыл бойғы жетістіктерді талдау, III топ – Жаңа оқу жылына жылдық жоспар құру тапсырмалары берілді. Берілген тақырып бойынша әр топ талқылау жүргізді, жаңа оқу жылына жаңа жоспар құрылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері «Біздің бір жылдық жетістігіміз» тақырыбында педагогтарға тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: жұмысқа креативті көзқараспен қарау, балалардың білімдерін жетілдіру үшін педагогтердің сергек болуын қамтамасыз ету. Тренинг барысында педагогтермен биылғы оқу жылының қызықты сәттері мен қиын болған сәттерін еске алуларын сұрады. Өз жұмысы үшін биылғы оқу жылы қандай мақтанышпен айта алатындарын сұрады. Оқу жылы барысында алған дипломдарын бөбекжай меңгерушісі С.Сарсенгалиева марапаттады. Барлық педагогтерімен мақтанатын айтқан бөбекжай меңгерушісі жазғы демалыстарының жақсы өтуін тіледі. Барлық әріптестеріне шығармашылық өрлеу тіледі.

Жазғы сауықтыру жұмыстарымен таныстырып, жаз мезгілінде жұмыс жасайтын педагогтерге сабақ кестелері таратылып, жұмыстарға түсіндірме жүргізілді.

Шешім:

1. Алдағы оқу жылында өткізілетін барлық іс-шаралар түрлендіріліп, жаңа инновациялық технологиялар негізінде жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі. Жауапты: барлық топ тәрбиешілері.

2. Жазғы сауықтыру жұмыстары өте жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

Мерзімі: жаз бойы. Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Сарсенгалиева

С.Айтмағанбетова